

Қазақстан Республикасы

Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
«МАТАЙҚҰМ ОРТА

МЕКТЕБІ» КММ

БҰЙРЫҚ



Республика Казахстан

Актюбинская область
Байганинский район
КГУ «МАТАЙКУМСКАЯ СРЕДНЯЯ

ШКОЛА»

ПРИКАЗ

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Дияр ауылы
Тел/факс: 871345-73-0-45; mataikum_2018@mail.kz

20 21 ЖЫЛҒЫ «11» тамыз

№ 44

2021-2022 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 02.08.2021 жылғы № 21-01/04-486//21-01-7 п.3.7 тапсырмасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №368 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы туралы» 09.08.2021 жылғы №207 бұйрығы және Байғанин аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 11 тамыздағы №122 бұйрығы негізінде Матайқұм орта мектебінде 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Барлық педагогтер мен сынып жетекшілерге:
 - 1.1. Барлық сыныптарда жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.
 - 1.2. Білім алушылар мен педагогтердің барлық қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.
 - 1.3. Білім алушылардың өткен оқу жылында қашықтан оқыту форматына байланысты жоғалтқан білімін толықтыруы (Learning loss) бойынша шаралар қабылдансын;
 - 1.4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368, облыстық білім басқармасының 09.08.2021 жылғы №207 бұйрықтары басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:
 - 1) 2021-2022 оқу жылының басталуы 2021 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда-33 оқу аптасы, 2-11(12) сыныптарда-34 оқу аптасы;

- 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында), қысқы-11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);
1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында).
- 1.5. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
- 1.6. Оқу процесін ұйымдастыруда «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Х.Куатовқа міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Қ.Бабасов